Бектемін:
Мектеп директоры
Б.Б.Длимбетова

«Зияткер Туран» ЖШС мектебінің

БАЛАНЫ ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) ПРОФИЛАКТИКАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

Құқықтық негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары» (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелген, өзгеріс — ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.06.2023 № 186 бұйрығымен).

Мақсаты:

Білім беру ұйымында баланы жәбірлеудің (буллингтің), оның ішінде кибербуллингтің алдын алу, нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру, білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты	Негіздеме (тармақ)
I. Профилактикалық-ағарту жұмысы					
1	Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер, ата-аналар (заңды өкілдер) арасында жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу (әңгімелер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, сабақтан тыс іс-шаралар)	Тоқсанына кемінде 1 рет	Сынып сағаттарының, жиналыстардың хаттамалары, есеп	Педагог-психолог, сынып жетекшілері, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	4-т. 1)
2	Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, олардың заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы жазбаша және (немесе) ауызша хабардар ету	Оқу жылының басында, жыл бойы	Хабарлама, қолхат/тізім	Педагог-психолог, сынып жетекшілері	4-т. 3)
3	«Буллингсіз мектеп», «Нөлдік төзімділік» тақырыбындағы ағарту іс-шаралары, тренингтер, тақырыптық сағаттар өткізу	Жыл бойы (жоспар бойынша)	Іс-шара сценарийі, фотоесеп	Педагог-психолог	3-т.
II. Педагогтердің құзыреттілігін арттыру					
4	Педагогтердің буллингтің алдын алу және анықтау бойынша оқыту семинарларына, семинар-тренингтерге, коучингтерге, конференцияларға қатысуын ұйымдастыру	Жыл бойы (кестеге сай)	Сертификат, қатысушылар тізімі	Әкімшілік, педагог-психолог	4-т. 2)
III. Психологиялық-әлеуметтік қолдау					
5	Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық	Жыл бойы, өтініш бойынша	№130 бұйрыққа 4-қосымша нысаны	Педагог-психолог,	4-т. 5)

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты	Негіздеме (тармақ)
	көмек көрсету, педагог-психологтың консультациясын есепке алу журналына тіркей отырып		бойынша журнал	әлеуметтік педагог	
6	Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою	Белгі анықталған сәтте (дереу)	Есепке алу журналындағы жазба	Педагог-психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	4-т. 4)
IV. Мониторинг және басқару					
7	Тәрбие процесі мен білім беру ортасының жағдайына (қауіпсіздік, ресурстармен қамтамасыз ету) мониторинг жүргізу	Тоқсан сайын	Мониторинг қорытындысы, анықтама	Әкімшілік, педагог-психолог	4-т. 6)
8	Білім алушылар арасында буллингтің профилактикасы мәселесін ата-аналар комитетін тарта отырып, алқалы басқару органдарының отырысында қарау	Жарты жылдықта 1 рет	Хаттама	Әкімшілік, ата-аналар комитеті, педагог-психолог	4-т. 7)
9	4-тармақтың 1), 3), 4), 5) тармақшалары бойынша орындалған жұмыс туралы ақпаратты білім беру ұйымының басшысына ұсыну	Тоқсан сайын / жыл соңында	Жазбаша есеп	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	6-т. 1)